

БҰЙРЫҚ

28.04.2026г.

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 148 нқ

город Алматы

Санаторий-курорттық қызметтер
көрсету бойынша Стандартты
шарттарды бекіту туралы

Емдік-сауықтыру кешені «Оқ-Жетпес» АҚ «Алматы» филиалы аумағында санаторий-курорттық қызметтер көрсету тәртібін стандарттау, шарттық жұмысты ретке келтіру, контрагенттермен шарттық қатынастардың ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қағаз құжат айналымын қысқарту мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған санаторий-курорттық қызметтер көрсету бойынша Стандартты шарттар бекітілсін. Аталған Стандартты шарттар «Оқ-Жетпес» емдеу-сауықтыру кешені АҚ «Алматы» филиалының офертасы және қосылу шарты болып табылады, сондай-ақ санаторий-курорттық жолдамаларды және оларға байланысты қызметтерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Клиенттердің көрсетілген Стандартты шарттарға қосылуы Қосылу туралы өтінішке (өтінімге) қол қою және ұсынылған шотты төлеу арқылы жүзеге асырылатыны белгіленсін; бұл офертаны акцепттеу болып табылады және Стандартты шарттар талаптарымен шарттың жасалғанын растайды.

3. Филиалдың құрылымдық бөлімшелері тиісті қызметтерді көрсету кезінде және контрагенттермен жұмыс барысында бекітілген Стандартты шарттарды қолдансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Филиал директоры



Бугубаева Г.А.